|  | Символ Кедендік одақтың 005/2011 техникалық регламентіне сәйкес қолданылады және осы өнімнің қаптамасын екінші рет пайдалануға арналмағанын және жоюға жататынын көрсетеді. Осы өнімнің қаптамасын азық-түлік өнімдерін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады. |
|  | Символ қаптаманы жою мүмкіндігін көрсетеді. Символ сандық код және/немесе әріп белгілері түріндегі қаптама материалының белгісімен толықтырылуы мүмкін. |

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ



Ескерту!



• Тоңазытқышпен жұмыс істер алдында берілген нұсқаулықпен танысыңыз және оны болашақта анықтамалық мәліметтер үшін сақтап қойыңыз.










Ескерту!

• Бұл нұсқаулық бірден бірнеше үлгіге арналғандықтан, осы тоңазытқыштың кейбір қызметтері төменде жазылғандардан ерекшеленуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ БЕЛГІЛЕРІ

| | | |
|---|------------------|--|
|  | Ескерту! | Қауіпсіздік шараларын ұстанбаған кезде, өзінің денсаулығына зардап келтіруі немесе өлімге әкелуі мүмкін болатын жағдайларда қолданылады. |
|  | Назар аударыңыз! | Қауіпсіздік шараларын ұстанбай, өзіне жарақат алуы немесе құрылғы бұлінуі мүмкін жағдайларда қолданылады. |

БАСҚА БЕЛГІЛЕР

| | |
|---|---|
|  | Жасауға БОЛМАЙТЫН әрекеттерді көрсетеді. |
|  | Бір нәрсені бөлшектеуге ТЫЙЫМ САЛЫНҒАНДЫҒЫН көрсетеді. |
|  | Бір нәрсеге тиюге ТЫЙЫМ САЛЫНҒАНДЫҒЫН көрсетеді. |
|  | Мұқият сақтауға тиісті ережелерді көрсетеді. |
|  | Желі шнурының айырын розеткадан суыру қажет екендігін көрсетеді. |
|  | Тоқ соқпас үшін жермен байланыстыру қажет. |
|  | Көрсетілген әрекетті Samsung компаниясының қызмет көрсету орталығының өкілі атқаруы тиіс. |

Берілген шартты белгілер мен олардың мағыналары құрылғыны тұтанушыларды жарақат алудан сақтандырады. Барлық нұсқаулықтарды мұқият ұстаныңыз. Осы құжатпен танысқаннан кейін оны келесі жолы пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

ЕО талаптарына сәйкестігі туралы хабарлама

Өнім Еуропа Одағының Ережелерімен (ЕС) No 643/2009 қадағаланатын Волті Кем Құрылғылар Нұсқауына (2006/95/ЕС), Үйлесімді Элетромагниттік Құрылғылар нұсқауына (2009/125/ЕС) сәйкес жасақталған.





Ескерту!

- Тоңазытқышты пайдаланбас бұрын оны нұсқаулыққа сәйкес лайықты орынға қойып орналастырыңыз.
- Аталған құрылғыны осы басшылықта көрсетілгендей арналуы бойынша пайдаланыңыз.
- Бұл тоңазытқыштың кез келген жөнделу жұмыстарын білікті мамандар орындауы тиіс.
- Құрылғының қаптамасын кәдеге тастарда қоршаған ортаға зиян келтірмейтіндігіне көз жеткізіңіз.
- Дене, сезім қабілеттері шектелген және ақыл-есі кем (балаларды қоса алғанда), сондай-ақ тиісті тәжірибесі немесе білімі жоқ тұлғалардың пайдалануына арналмаған. Мұндай адамдарға тиісті түрде бақылау болған кезде немесе олардың қауіпсіздігіне жауапты тұлғалар алдын ала оқытқаннан кейін ғана пайдалануға жол беріледі.
- Балалар пешпен (тоңазытқышпен) ойнамас үшін, оларды қараусыз қалдырмаңыз.

2_ Қауіпсіздік туралы ақпарат

ҚАТАҢ ЕСКЕРТУ БЕЛГІЛЕРІ



- Тоңазытқышты ылғалды немесе оған су тиюі мүмкін үй-жайда орнатпаңыз.
 - Электр бөлшектерін оқшаулаудың бұлінуі ток соғу немесе тұтануға әкеп соғу мүмкін.
 - Тоңазытқышты күннің сәулесі тура түсетін, сондай-ақ пеш, бөлме жылытқыштары немесе басқа құрылғылар сияқты жылу көздері бар маңайда орналастырмаңыз.
 - Бірнеше құрылғыны бір желілік фильтрге қоспаңыз. Тоңазытқыш жұмыс істейтін кернеулігі зауыттық кестесінде көрсетілген кернеуге сәйкес келетін жеке розеткаға қосылу керек.
 - Бұл құрылғының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және үйдегі электр жүйесіне күш түсіп, сымдардың қатты қызуы салдарынан өрт шығу жағдайларының алдын алады.
 - Желі шнурының тоңазытқыштың артқы қабырғасына қатты жақын орналаспағандығын қадағалаңыз.
 - Оның бұлінуі мүмкін.
 - Желі шнурына ауыр заттарды қоймаңыз және оны қатты бүгілуден сақтаңыз.
 - Бұл тұтынуға әкеп соғу мүмкін.
 - Желі шнуры тозған немесе бұлінген жағдайда оны жөндеу немесе ауыстыру үшін дереу өндірушіге немесе техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
 - Ұзындығы немесе шеттері бұлінген желі шнурын пайдаланбаңыз.
 - Желі шнуры бұлінген жағдайда оны ауыстыру үшін дереу өндірушіге немесе қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
 - Тоңазытқыштың орнын ауыстырғанда желі шнурының бұлінбегендігіне көз жеткізіңіз.
 - Желі шнурын дымқыл қолмен қоспаңыз.
 - Тоңазытқышты тазалар немесе жөндер алдында оны желіден ажырату керек.
 - Айырды тазалаған кезде ылғалды немесе дымқыл шүберекті пайдаланбаңыз.
 - Желі шнурының айырын тазалаған кезде кір және шаңды кетіріңіз.
 - Олай болмаған жағдайда тұтану қаупі бар.
 - Тоңазытқышты розеткадан ажыратқаннан кейін, оны қайтадан он минуттан соң қосуға болады.
 - Олай болмаған жағдайда тұтану және ток соғу қаупі бар.
 - Тоңазытқышты орнатқаннан кейін желі шнурына тікелей қол жетуді қамтамасыз ету керек.
-  • Тоңазытқышты жермен байланыстыру керек.
 - Ток соғуын болдырмау үшін тоңазытқышты жермен байланыстыру керек.
-  • Газ құбырларын, телефон желісін және басқа да электр сымдарын жермен байланыстыру нүктесі ретінде пайдаланбаңыз.
 - Жермен байланыстыру ажыратқышын дұрыс пайдаланбау ток соғуға әкелуі мүмкін.
- Тоңазытқышты өздігіңізден бөлшектемеңіз және жөндемеңіз.
 - Олай болмаған жағдайда, тұтану, тоңазытқыш жұмысының бұзылу немесе жарақат алу қаупі бар.
 - Егер химикалидің иісін немесе түтінді сезсеңіз, дереу желі шнурын розеткадан ажыратыңыз да, Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
 - Желдеткіш тесіктерге немесе оны бекіткен құрылымға кедергінің жоқтығына көз жеткізіңіз.
 - Еріту үрдісін жеделдету үшін өндіруші ұсынған құралдардан басқа қандай да бір механикалық құрылғыларды немесе тәсілдерді қолданбаңыз.
 - Хладагенттің айналу контурын зақымданудан қорғаңыз.
 - Тоңазытқыштың немесе мұздату камерасының ішінде өндіруші ұсынғаннан басқа ешқандай да электр құралдарын пайдаланбаңыз және орналастырмаңыз.
 - Тоңазытқыштың жарықтандыру шамын ауыстырмас бұрын желі шнурының айырын розеткадан ажыратыңыз.
 - Жарықтандыру шамын ауыстырған кезде қиындықтар туындаған жағдайда, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
 - Тоңазытқыш балалардың немесе мүгедектердің біреудің қарауынсыз пайдалануына арналмаған.
 - Балалардың тоңазытқыштың қасында ойнамауын бақылаңыз.
 - Балалардың тоңазытқыш есігіне асылуына жол бермеңіз. Олай болмаған жағдайда олар қауіпті жарақат алуы мүмкін.
 - Мұздату камерасының ішкі қабырғаларын немесе оның ішіндегі азық-түліктерді су қолыңызбен ұстамаңыз.
 - Олай болмаған жағдайда қолыңыз жабысып қалу қаупі бар.
 - Егер тоңазытқыш ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, оны розеткадан ажыратыңыз.
 - Оқшаулағыш затының бұлінуі тұтануға әкеп соғуы мүмкін.
 - Тоңазытқыштың үстіне ауыр заттар қоймаңыз.
 - Олай болмаған жағдайда есікті ашып-жапқан кезде заттар құлап, жарақат алуыңыз немесе құрылғы бұлінуі мүмкін.

Қауіпсіздік туралы ақпарат **3**

ЕСКЕРТУ БЕЛГІЛЕРІ



Назар аударыңыз:

- Бұл құрылғы азық-түлікті үй жағдайында сақтауға арналған.
- Сонымен қатар азық-түліктің өндіруші көрсеткен мерзімін сақтау қажет. Сәйкес нұсқаулықты қараңыз.
- Бөтелкелер тоңазытқыштан құлап қалмас үшін оларды бір-біріне жақын орналастыру қажет.
- Мүздату камерасына бөтелкелерді немесе басқа да шыны ыдыстарды қоймаңыз.
 - Ішіндегісі мұз боп қатқан кезде шыны жарылып, ал сынықтары жарақаттауы мүмкін.
- Тоңазытқыштың жанына тез тұтанғыш заттарды бүркiмеңiз.
 - Олай болмаған жағдайда жарылыс немесе ток соғу қаупі бар.
- Тоңазытқышты ішкі немесе сыртқы қабатына су тиюден қорғаңыз.
 - Олай болмаған жағдайда жарылыс немесе ток соғу қаупі бар.
- Тоңазытқышта ұшатын немесе тез тұтанатын заттарды сақтамаңыз.
 - Тоңазытқышта бензол еріткіші, спирт, эфир, сұйытылған газ немесе т.с.с. заттар жарылысқа әкеп соғуы мүмкін.
- Ұзақ уақыт үйден кететін болсаңыз, тоңазытқышты азық-түліктен босатып, оны өшіріңіз.
- Тоңазытқышта медициналық, химиялық немесе басқа да температураның өзгеруіне сезімтал заттарды сақтамаңыз.
 - Қатаң температуралық бақылауды қажет ететін заттарды тоңазытқышта сақтамаңыз.
- Тоңазытқыштың үстіне сұйықтығы бар контейнерді қоймаңыз.
 - Олай болмаған жағдайда сұйықтық төгіліп қалса тұтану немесе ток соғу қаупі бар.
- Тоңазытқыштың орта жағындағы немесе ішкі қабырғасындағы есіктердің ажыратқыштарының бүлінуін болдырмаңыз.
 - Бұл жұмыс істеуінің тоқтауына әкеп соғуы мүмкін.

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ТАЗАЛАУ КЕЗІНДЕГІ ЕСКЕРТУ БЕЛГІЛЕРІ

- Саусақтарыңызды диспенсердің тесіктеріне тықпаңыз және оған бөгде заттардың тұрып қалмауын қадағалаңыз.
 - Ол жарақат алуға немесе құрылғының бүлінуіне әкеп соқтыруы мүмкін.
- Айырды тазалаған кезде ылғал болмаса дымқыл шүберекті қолданбаңыз; кір немесе шаңды кетіріңіз.
 - Олай болмаған жағдайда тұтану қаупі бар.
- Тоңазытқышты розеткадан ажыратқаннан кейін бес минут өткен соң қайта қосуға болады.

КӘДЕГЕ ТАСТАУ КЕЗІНДЕГІ ЕСКЕРТУ БЕЛГІЛЕРІ

- Осы немесе кез келген басқа тоңазытқышты кәдеге тастарда есігі мен тығыздағыштарын алып тастаңыз. Бұл балалар немесе үй жануарларының ішінде қамалып қалмауы үшін керек.
- Тоңазытқыштың ішіне балалар кірмес үшін сөрелерін алмаған жөн.
- Оқшаулағыш материалдың құрамында циклопентан бар. Газдың көмегімен үрленетін оқшаулағыш материал ерекше кәдеге тастауды талап етеді. Бұндай газдарды экологиялық қауіпсіздік бойынша кәдеге тастау мәліметтері үшін жергілікті үкімет органдарына хабарласыңыз. Тоңазытқышты кәдеге тастар алдында артқы жағында орналасқан түтіктердің ешқайсысы бүлінбегендігіне көз жеткізіңіз. Түтіктерді ашық жерде кәдеге тастау қажет.
- Бұл құрылғыда Киот хаттамасының талаптарына сай келетін фторлы бу газдары бар. Бұл герметикалық (саңылауы жоқ) құрылғы. Газдарды атмосфераға жібермейді.
Хладагент түрі: R-134a
Мөлшері: 0,16 кг
Ғаламдық жылыту мүмкіндігі (Global Warming Potential – GWP) = 1300

ДҰРЫС ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ҚОСЫМША КЕҢЕСТЕР



- Құрылғының оңтайлы жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, келесі нұсқаулықтарды орындаңыз.
 - Азық-түліктерді құрылғының артқы панеліндегі желдеткіш тесіктерге жақын қоймаңыз, бұл мұздату камерасындағы еркін ауа айналымына кедергі кетіруі мүмкін.
 - Азық-түлікті мұздату камерасына қояр алдында, оларды мұқият ораңыз немесе тығыз жабылатын контейнерлерге орналастырыңыз.
 - Жаңа азық-түліктерді мұздатылғандардың жанына қоймаңыз.
- Газдалған немесе араластырылған сусындарды мұздату камерасына қоймаңыз.
- Мұздатылған азық-түліктердің сақтау мерзімі мен жарамдылығын сақтаңыз.
- Егер сіз кемінде үш аптадай болмауды жоспарласаңыз, тоңазытқышты желіден ажыратудың қажеттігі жоқ. Бірақ егер сіз одан да көп уақыт болмайтын болсаңыз, тоңазытқыштан барлық азық-түлікті шығару қажет. Тоңазытқышты өшіріп, оны тазалап жуыңыз және құрғатыңыз.
- Электр қуаты өшкен жағдайда жергілікті энергетикалық компания кеңсесіне хабарласып, жөндеу жұмыстары қаншаға созылатындығын біліңіз. Электр қуатының өшуі бір немесе екі сағат аралығына созылса, тоңазытқыштың жұмысына әсер етпейді. Дегенмен де электр қуаты өшкен кезде тоңазытқышты сирек қолдануға тырысыңыз. Электр қуатының өшуі 24 сағаттан артыққа созылса, тоңазытқыштан барлық мұздатылған азық-түліктерді шығарыңыз.
- Тоңазытқыштың жиынтығында кілттер болса, оларды балалардың қолы жетпейтін жерде және тоңазытқыштың өзінен алысқа қойыңыз.
- Құрылғыны берілген минималды температура көрсеткіштерінен асатын температуралы үй-жайға орнатқанда, ол қалыпты жұмыс істемеуі мүмкін (мұздату камерасында температура жоғарылауы немесе азық-түліктер еруі мүмкін).
- Төмен температурада тез бұзылатын азық-түліктерді сақтамаңыз (мысалы, банан, қауын).
- Мұздың жақсы қатуы үшін мұз дайындайтын науаны өндіруші ұсынған жерге орналастырыңыз.
- Тоңазытқыш арнайы ерітуді қажет етпейді, бұл автоматты түрде жүзеге асады.
- Еріту кезіндегі температураның көтерілуі ISO стандарттарының талаптарына сәйкес келеді. Егер сіз тоңазытқышты еріту барысында мұздатылған азық-түліктер температурасының шамадан тыс көтерілуінің алдын алғыңыз келсе, олардың әрқайсысын газет беттерімен орап қойыңыз.
- Еріту барысында мұздатылған азық-түліктер температурасының қандай да бір көтерілуі мұндай азық-түліктердің сақтау мерзімін қысқартады.

Электр энергиясын үнемдеу бойынша кеңестер

- Тоңазытқышты жеткілікті дәрежеде желдетілетін салқын, құрғақ бөлмеге орнатыңыз. Оған күн сәулесінің тікелей түспегендігін қамтамасыз етіңіз және оны тікелей жылу көздерінің жанына орнатпаңыз (мысалы, жылыту батареялары).
- Тоңазытқыштың тесіктерін немесе шарбақтарын ешқашан жаппаңыз.
- Жылы тағамды тоңазытқышқа салмас бұрын бөлме температурасына дейін суытып алыңыз.
- Мұздатылған азық-түліктерді еріту үшін тоңазыту камерасына салыңыз. Бұл жағдайда сіз мұздатылған азық-түліктің төмен температурасын тоңазыту камерасындағы азық-түліктерді суыту үшін қолдана аласыз.
- Тоңазытқышқа азық-түлікті салу немесе одан азық-түлікті алу кезінде оның есігін ұзақ уақыт ашып қоймаңыз. Есік барынша сирек ашылса, мұздату камерасында мұздың қатуы да барынша аз болады.
- Тоңазытқыштың артқы жағын ұдайы тазартып отырыңыз. Шаң электр энергиясын тұтынуды арттырады.
- Температураны қажетті деңгейден төмен қоймаңыз.
- Тоңазытқыштың асты мен артқы жағында ауа алмасуы үшін жеткілікті орын қалдыру керек. Желдету тесіктерін жаппаңыз.
- Тоңазытқышты орнату кезінде оң, сол, артқы және үстіңгі жақтарынан саңылау қалдырыңыз. Бұл сіздің электр энергиясын тұтынуыңызды азайтады және осыған сәйкес электр энергиясына төлем сомасын да азайтады.

Қауіпсіздік туралы ақпарат **5**

МАЗМҰНЫ

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ БАПТАУ

6

- 6 Тоңазытқышты орнатуға дайындау
- 7 Тоңазытқышты түзулеу
- 7 Есік тұтқасын орнату және демонтаждау
- 8 Тоңазытқышты баптау

SAMSUNG ТОҢАЗЫТҚЫШЫН ПАЙДАЛАНУ

8

- 8 Сандық экранмен жұмыс
- 10 Температураны басқару
- 12 Мұз дайындау
- 12 Суға арналған диспенсермен жұмыс
- 14 Тоңазытқыштың керек-жарақтарын шығару

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

15



Тоңазытқышты орнату және баптау

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ОРНАТУҒА ДАЙЫНДАУ

Samsung тоңазытқышын сатып алғаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Сіз осы құрылғының көптеген жаңа қызметтері мен ерекшеліктеріне риза боласыз деп үміттенеміз.

ТОҢАЗЫТҚЫШҚА АРНАЛҒАН ЕҢ ЖАҚСЫ ОРЫНДЫ ТАҢДАУ

- Тоңазытқышты күн сәулесі тікелей түспейтін жерге орналастырыңыз.
- Тоңазытқышты тегіс (немесе тегісірек) жерге орналастырыңыз.
- Тоңазытқыштың есігіне барынша кең кеңістік қалдырыңыз.
 - Тоңазытқышты орналастыру бойынша қосымша мәліметтер алу үшін төмендегі өлшемдері бар суретті қараңыз.



- Ауа алмасуы үшін оң, сол, артқы және үстіңгі жақтарын жеткілікті орынмен қамтамасыз етіңіз. Бұл электр қуатын үнемдеуге көмектеседі.
- Тоңазытқышты 10°C-тан төмен температурадағы үй-жайға орнатпаңыз.
- Құрылғыны күтіп-баптау мен жөндеу жүргізе алатындай етіп орналастыру керек.




Назар аударыңыз!

Тоңазытқышты орнатқанда және күтім жасағанда немесе артындағы кеңістікті тазалағанда, құрылғыны еппен бос жерге жылжытып, содан кейін оны орнына қайта қойыңыз. Үй-жайдың едені азық-түлікке толы тоңазытқыштың салмағын көтере алатындығына көз жеткізіңіз. Олай болмаса еден бүлінуі мүмкін.



Назар аударыңыз!

- Желі шнурының қалған бөлігін тоңазытқыштың орнын ауыстырғанда бүлінбес үшін артына орап қойыңыз.



ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ТҮЗУЛЕУ


Егер құрылғының алдыңғы бөлігі артына қарағанда біраз жоғарырақ қойылса, есікті ашып-жабу айтарлықтай жеңіл болады.

1- жағдай: Құрылғы солға қарай қисайып тұр.

- Сол жақ реттегіш аяқты көрсеткіштің бағытымен құрылғы түзуленгенше бұраңыз.

2-жағдай: Құрылғы оңға қарай қисайып тұр.


- Оң жақ реттегіш аяқты көрсеткіштің бағытымен құрылғы түзуленгенше бұраңыз.



ЕСІК ТҮТҚАЛАРЫН ОРНАТУ ЖӘНЕ ДЕМОНТАЖДАУ

Есіктің тұтқасын орнату

- Бекіткіш тұтқаларды есіктің сол жағындағы ажыратқышпен қатар қойыңыз.
- Тұтқаны қолмен басып немесе резеңке балғаның көмегімен бекітіңіз.
- Тұтқаны жоғары, содан кейін төмен тартып, оның бекітілгеніне көз жеткізіңіз.



Орнату және баптау _7

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ БАПТАУ


Тоңазытқышты орнатқаннан кейін оны бабына келтіріп, құрылғының толық функционалдылығына сүйсінуіңізге болады.

Тоңазытқыштың қызметтерін бабына келтіру үшін, келесі қадамдарды орындау қажет. Құрылғы дұрыс жұмыс істемеген жағдайда қуат алу және электр көзін тексеріңіз немесе осы нұсқаулықтың соңындағы ақаулықтарды жою бөліміне жүгініңіз. Қосымша сұрақтар туындағанда Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

1. Құрылғы мен қабырғаның арасына барынша бос орын қалдыра отырып, тоңазытқышты лайықты орынға орналастырыңыз. Осы басшылықтағы орнату бойынша нұсқаулықты қараңыз.
2. Тоңазытқыш қосылғаннан кейін есік ашылғанда ішкі жарықтандыру шамдары іске қосылатындығына көз жеткізіңіз.
3. Температура реттегішті ең төменгі көрсеткішке қойып, бір сағат күтіңіз. Мұздату камерасы біраз салқындап, ал мотор қалыпты жұмыс істеу керек.
4. Тоңазытқыш қосылғаннан кейін сәйкес температура деңгейін қою үшін бірнеше сағат керек. Сол деңгей қойылғаннан кейін ғана тоңазытқышқа азық-түлікті және сусындарды салуға болады.


samsung ТОҢАЗЫТҚЫШЫН пайдалану

САНДЫҚ ЭКРАНМЕН ЖҰМЫС



1 Қуатты мұздату ❄️

Қуатты мұздату қызметін қосқан кезде сәйкес белгі шығады. Бұл қызмет көп мөлшерде мұз қажет болғанда пайдалы. Power freeze (қуатты мұздату) түймешесін бассаңыз, мұз өндіру көбейеді. Қажетті мөлшердегі мұз өндірілгенде, қуатты мұздату қызметін тоқтату үшін осы түймешені қайта басыңыз.

-  Осы қызметті пайдаланған кезде энергияны пайдалану өседі. Қуатты мұздату қызметін енді қажет болмағаннан кейін өшіруді ұмытпаңыз және тоңазытқыш температурасының қалыпты режимін қойыңыз. Қуатты мұздату қызметін мұздату камерасына көп мөлшердегі азық-түлікті қатырауға дейін кем дегенде бір тәулік бұрын қосу керек.

Coolselest Turbo технологиясы < 1-түр >

Fresh (бастапқы күйіндегі азық-түліктер, 3°C), Soft Freeze (жеңіл мұздату, -5°C) немесе Frozen vegetable (қатырылған көкөністер, -12°C) белгілері Coolselest Turbo температуралық режимін көрсетеді.

- Егер Frozen vegetable (қатырылған көкөністер, -12°C) режимі таңдалса, тоңазытқыштың жалпы қойылған температурасына қарамастан, бұл режим қатырылған көкөністерді ұзақ сақтауға көмектеседі.
- Егер Soft Freeze (жеңіл мұздату, -5°C) режимі таңдалса, тоңазытқыштың жалпы қойылған температурасына қарамастан, бұл режим ет пен балықты ұзақ сақтауға көмектеседі.
- Егер Fresh (бастапқы күйіндегі азық-түліктер, 3°C) режимі таңдалса, тоңазытқыштың жалпы қойылған температурасына қарамастан, бұл режим қатырылған көкөністер мен жемістерді ұзақ сақтауға көмектеседі.



Coolselest Turbo технологиясы < 3-түр >

Fresh (бастапқы күйіндегі азық-түліктер, 3°C), Soft Freeze (жеңіл мұздату, 0°C) белгілері Coolselest Turbo температуралық режимін көрсетеді.

- Егер Soft Freeze (жеңіл мұздату, 0°C) режимі таңдалса, тоңазытқыштың жалпы қойылған температурасына қарамастан, бұл режим ет пен балықты ұзақ сақтауға көмектеседі.
- Егер Fresh (бастапқы күйіндегі азық-түліктер, 3°C) режимі таңдалса, тоңазытқыштың жалпы қойылған температурасына қарамастан, бұл режим қатырылған көкөністер мен жемістерді ұзақ сақтауға көмектеседі.



3 Демалыс режимі

- Егер сіз ұзақ уақытқа демалысқа немесе іссапарға кетуді жоспарласаңыз, демалыс режимін қою үшін Fridge түймешесін басыңыз.
- Тоңазытқыш өшеді, бірақ мұздату камерасы әдетінше жұмыс істеп тұрады.
- Демалыс режимі қосылып тұрғанда, бұл режимнің белгісі (Ⓢ) жанып тұрады.



Назар аударыңыз!

- Демалыс режимін қосар алдында тоңазытқыштан барлық азық-түлікті шығарыңыз.

- Егер сіз үш аптадан аздау уақыт болмайтын болсаңыз, тоңазытқышты қуат көзінен ажыратудың қажеті жоқ. Бірақ егер ұзағырақ уақыт болмайтын болсаңыз, тоңазытқыштан барлық азық-түлікті шығару қажет. Тоңазытқышты өшіріп, тазалаңыз, жууыңыз және құрғатыңыз.

4 Балалардан қорғаныс

Барлық түймешелерді қорғаныс қою үшін, балалардан қорғаныс түймешесін үш секунд бойы басып тұрыңыз.

Түймешелерді қорғаныстан шығару үшін тағы да балалардан қорғаныс түймешесін үш секунд бойы ұстап тұрыңыз.

5 Есіктің ашық қалғанын хабарлау

Door alarm (есіктің ашық қалғанын хабарлау) түймешесін басқанда хабарлау белгісі пайда болады. Егер тоңазытқыштың есігі ашық қалса, белгілі бір уақыт аралығында (шамамен екі минут) хабарлау қосылады. Бұл қызметті өшіру үшін Door alarm түймешесін тағы да басыңыз.

ТЕМПЕРАТУРАНЫ БАСҚАРУ (ЭЛЕКТРОНДЫ)

МҰЗДАТУ КАМЕРАСЫНЫҢ ТЕМПЕРАТУРАСЫН БАСҚАРУ

Мұздату камерасының температура көрсеткіші -14°C-тан -24°C-қа дейін құрайды. Экранда қажетті температура мөлшері пайда болғанша, Freezer (мұздату камерасы) түймешесін басыңыз. Кейбір азық-түліктердің, мысалы, балмұздақтың -16°C-та еріп кететіндігін ұмытпаңыз.

Суреттелетін белгілердің тізбегі -14°C-тан -24°C-қа дейін өзгеріп отырады. Мөлшер -14°C-қа жеткен кезде экранда -24°C деген мөлшер қайтадан шығады. Жаңа температура қойылған соң бес секундтан кейін, экранда мұздату камерасының қазіргі температурасы шығады. Бірақ мұздату камерасы жаңа температураға қалыптасқанша, бұл мөлшер өзгереді.

ТОҢАЗЫТҚЫШ ТЕМПЕРАТУРАСЫН БАСҚАРУ

Тоңазытқыштың температура көрсеткіші 7-ден 1°C-қа дейін құрайды. Экранда қажетті температура мөлшері пайда болғанша, Fridge (тоңазытқыш) түймешесін басыңыз. Тоңазытқыш температурасын басқару процесі мұздату камерасындағыдай. Керекті температура деңгейін таңдау үшін Fridge (тоңазытқыш) түймешесін басыңыз.

Бірнеше секундтан кейін тоңазытқыш белгіленген температураны алады. Сонымен қатар мәліметтер сандық экранда суреттелетін болады.

ТЕМПЕРАТУРАНЫ БАСҚАРУ (ЖАРТЫЛАЙ ЭЛЕКТРОНДЫ)

МҰЗДАТУ КАМЕРАСЫНЫҢ ТЕМПЕРАТУРАСЫН БАСҚАРУ

Мұздату камерасының температура көрсеткіші -17°C -тан -24°C -қа дейін құрайды. Экранда қажетті температура мөлшері пайда болғанша, Freezer (мұздату камерасы) түймешесін басыңыз. Кейбір азық-түліктердің, мысалы, балмұздақ -16°C -та еріп кететіндігін ұмытпаңыз.

Суреттелген белгілер -17°C -тан -24°C -қа дейін өзгеріп отырады. -17°C -қа жеткеннен кейін, экранда қайтадан -24°C көрсеткіші суреттеледі.

Жаңа температура қойылған соң бес секундтан кейін, экранда мұздату камерасының қазіргі температурасы шығады. Бірақ мұздату камерасы жаңа температураға қалыптасқанша, бұл мөлшер өзгереді.

| FREEZER TEMPERATURE CONTROL | | | | | | |
|-----------------------------|-----------------------|-----------------------|-----------------------|-----------------------|-----------------------|-----------------------|
| COLD → COLDER → COLDEST | | | | | | |
| | | | | | | |
| -17°C | -18°C | -19°C | -20°C | -21°C | -22°C | -24°C |

ТОҢАЗЫТҚЫШ ТЕМПЕРАТУРАСЫН БАСҚАРУ

Тоңазытқыштың температура көрсеткіші 7-ден 1°C -қа дейін құрайды.


Тоңазытқыштың тұтқасын реттегіштің қақпағында қажетті температура көрсеткіші көрсетілгенше сағат тілімен немесе оған қарама-қарсы бұраңыз. Егер сіз көп азық-түлік қорын сақтасаңыз немесе температура қажетінше төмен болмаса, тұтқаны COLDER (суықтау) қалпына қойыңыз.

Орташа температураны қою үшін тұтқаны COLDER (суықтау) және COLD (суық) қалыптарының арасына қойыңыз.

Егер сіз аз ғана азық-түлік қорын сақтасаңыз немесе олар қатырылған болса, тұтқаны COLD (суық) қалпына орнатыңыз.

Егер сіз ұзақ демалысты немесе іссапарды жоспарласаңыз, тұтқаны VACATION (демалыс) қалпына қойыңыз. Тоңазытқыш өшеді, бірақ мұздату камерасы әдетінше жұмыс істей береді.

- Есікті жиі ашқан кезде немесе көп мөлшердегі ыстық тамақты сақтағанда мұздату камерасының немесе тоңазытқыштың температурасы жоғарылауы мүмкін. Сандық экран мұндайда жыпылықтап тұрады. Мұздату камерасының немесе тоңазытқыштың температурасы бастапқы көрсеткішке жеткенде жыпылықтау тоқтайды. Егер бұлай болмаса, тоңазытқышты «қайта қосу» керек. Тоңазытқышты қуат көзінен ажыратып, он минуттай күтіңіз де, оны қайта қосыңыз.




Назар аударыңыз!

Демалыс режимін қояр алдында тоңазытқыштан барлық азық-түлікті шығарыңыз.

МҮЗ ДАЙЫНДАУ (ҚОСЫМША)


- МҮЗ ДАЙЫНДАУҒА АРНАЛҒАН БҰРЫЛЫСТЫ НАУА

Мұз кесектерін дайындау
Мұзға арналған науаны өзіңізге қарай тартып шығарыңыз. Науаның артқы жағында көрсетілгендей ең жоғарғы көрсеткішке дейін суға толтырыңыз. Абайлаңыз, суды төгіп алмас үшін науаны ұстауышқа кері итеріңіз. Мұз қатқанша күтіңіз.




Мұз кесектерін шығару
Науаның астында мұзға арналған кәрзеңке тұрғандығына көз жеткізіңіз. Егер болмаса, оны қойыңыз. Тұтқалардың біреуін науа аударылғанша сағат тілімен бұраңыз. Нәтижесінде мұз кесектері кәрзеңкеге түседі. Егер қажет болса, науаның екінші жартысына процедураны қайталаңыз. Мұзға арналған кәрзеңкені шығару үшін келесі іс-әрекеттерді орындаңыз:

- Оны көтеріңіз.
- Өзіңізге қарай тартыңыз.




- МҮЗҒА АРНАЛҒАН АЛМАЛЫ-САЛМАЛЫ НАУА

Мұз кесектерін дайындау
Мұзға арналған науаны өзіңізге қарай тартып шығарыңыз. Оны науаның артқы жағында көрсетілгендей ең жоғарғы көрсеткішке дейін суға толтырыңыз. Абайлаңыз, суды ағызып төгіп алмас үшін науаны ұстауышқа кері итеріңіз.



Мұз кесектерін шығару
Мұз кесектерін науадан шығару үшін екі шетінен ұстаңыз да, оны аздап бұраңыз.




СУҒА АРНАЛҒАН ДИСПЕНСЕРМЕН ЖҰМЫС (ҚОСЫМША)

Диспенсердің көмегімен тоңазытқыштың есігін ашпай-ақ, салқындатылған су алуға болады.


Сәл көтеріңкіреп суға арналған ыдысты көтеріңкіреп шығарып алыңыз.

- Оны көтеру үшін екі шетінен ұстаңыз.
- Суға арналған ыдысты бірінші рет қолданарда, оны жуу қажет.




Ыдысты тегіс жерге орнатқаннан кейін және артық суды төгетін жерді қаматамасыз ете отырып, оны суға толтырыңыз.

- Суға арналған ыдыс 2,8 л арналған. Егер ыдыстағы су бұл көрсеткіштен жоғары болса, қақпақты жапқанда артық су төгілуі мүмкін.
- Суға арналған ыдыс әлі тоңазытқышта тұрғанда, оны толтыруға болмайды.



1-тәсіл

Дөңгелек қақпақты шешіңіз де, ыдысты суға толтырыңыз.



2-тәсіл

Үлкен қақпақты шешіңіз де, ыдысты суға толтырыңыз.

Суға арналған ыдысты орнына қойғаннан кейін тоңазытқыштың есігін жабыңыз.

- Есік жабылғаннан кейін диспенсер краны сыртта тұрғандығына көз жеткізіңіз.



Назар аударыңыз!

Суға арналған ыдысты тоңазытқыштың есігіне мықтап бекітіңіз.

Олай болмаған жағдайда, диспенсер дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.



Суғардың астына стақанды қойып, онымен диспенсердің рычагін ақырын басыңыз. Суды төгіп алмас үшін стақанды диспенсерге қарай түзулеп қойыңыз.



Назар аударыңыз!

Диспенсердің құлпы «Ашық» қалпында тұрғандығына көз жеткізіңіз. Осы жағдайда ғана диспенсерден су алуға болады.

Диспенсер рычагі



- ☑ Артық орын босату үшін мұз дайындауға арналған айналмалы науаны, мұзға арналған контейнерді және мұзға арналған науаны алып тастауға болады. Бұл температуралық және механикалық сипаттамаға әсерін тигізбейді. Мұздатылған тағам сақтайтын бөлімшелердің мәлімденген сақтау көлемі осы құраластарды алып тастай отырып есептелген.


Пайдалану _13




- Егер сіз ұзақ уақыт болмайтын болсаңыз, тоңазытқышты босатып, оны өшіріңіз. Құрылғының ішкі қабырғаларындағы артық ылғалды сүртіп алып, есікті ашық қалдырыңыз. Бұл жағымсыз иіс пен көгерудің алдын алады.
- Егер тоңазытқыш ұзақ уақыт бойы қолданылмайтын болса, оны розеткадан ажыратыңыз.
 - Оқшауланған заттың бүлінуі тұтануға әкеп соғуы мүмкін.

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ КЕРЕК-ЖАРАҚТАРЫН ШЫҒАРУ


1. Алдымен мұзға арналған науаны шығарыңыз, содан кейін мұздату камерасындағы сөренің алдыңғы жағын көтеріңкіреп, өзіңізге қарай тартып суырып алыңыз.




2. Тоңазытқыштың сөресін көтеріңкіреп, өзіңізге қарай тартып суырып алыңыз.




3. Көкөністерге арналған жәшіктің қақпағын көтеріңкіреп, өзіңізге қарай тартыңыз. Содан кейін жәшікті ортасына дейін жылжытып, сосын оны көтеріңкіреп, өзіңізге қарай тартыңыз.



4. Суға арналған ыдысты (қосымша) суретте көрсетілгендей көтеріңкіреп шығарып алыңыз.



5. Төмен температуралы катализаторлайтын хош иістендіргіштің төменгі жағын басып, өзіңізге қарай тартып шығарыңыз.



6. Есік сөрелерін көтеріңкіреп шығарыңыз.



- ☑ Керек-жарақтарды шығарар алдында тоңазытқышта азық-түліктің жоқтығына көз жеткізіңіз. Егер мүмкін болса, қолайсыз жағдайлардың алдын алу үшін тоңазытқышты толық босатыңыз.
- ☑ Электр энергиясын тұтынуды оңтайлы ету үшін сөрелерді, жәшіктерді және себеттерді (13) беттегі суретте көрсетілгендей бастапқы орындарда қалдырыңыз.

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ТАЗАЛАУ



Бензол, сұйылтқыш немесе Clorox, хлоридті пайдаланып тазаламаңыз. Себебі бұндай заттар құрылғының беткі қаптамасын бүлдіруі және өрт шығаруы мүмкін.



Тоңазытқышқа суды шашпаңыз, егер ол желіге қосылып тұрса, тоққа түсуге әкеп соғуы мүмкін. Тазалау барысында бензол еріткішін немесе автомобильдің жуу құралын пайдаланбаңыз – бұл тұтану қаупін тудыруы мүмкін.

ЖАРЫҚТАНДЫРҒЫШ ШАМЫН АУЫСТЫРУ



Жарықдиодты шамын ауыстыру үшін қызмет көрсету инженеріне хабарласыңыз.


АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

| Ақаулық | Шешімі |
|---|--|
| Құрылғы мүлдем жұмыс істемейді немесе температура тым жоғары | <ul style="list-style-type: none"> Желі шнурының айыры розеткаға дұрыс сұғылғандығын тексеріңіз. Алдыңғы панелде температура дұрыс қойылғандығын тексеріңіз. Құрылғыға күн сәулесі тура түспей ме немесе жылу көзіне жақын орналаспағандығын тексеріңіз. Құрылғының қабырғаға қатты жақын тұрмағандығын тексеріңіз. |
| Тоңазытқыштағы азық-түліктер үсіп кетеді. | <ul style="list-style-type: none"> Алдыңғы панелде ең төменгі температура қойылмағандығын тексеріңіз. Үй-жайдағы температура тым төмен емес пе, тексеріңіз. Тоңазытқышта сұйықтығы көп азық-түліктің жоқтығын тексеріңіз. |
| Жұмыс кезінде біртүрлі дыбыстар шығады. | <ul style="list-style-type: none"> Құрылғының тегіс жерге орнатылғандығына көз жеткізіңіз. Құрылғының қабырғаға тым жақын тұрмағандығын тексеріңіз. Тоңазытқыштың артына немесе астына бөгде нәрселер тұрып қалмағандығын тексеріңіз. Біртүрлі дыбыс компрессордан шығарып тұр ма, тексеріңіз. Құрылғының ішінде тықылдағын дыбыс шығуы мүмкін, бұл қалыпты. Бұл дыбыс құрылғының әртүрлі бөлшектері өзара әрекеттескенде шығады. |
| Құрылғының алдыңғы бұрышы мен қапталдары ысып кетеді де, үстіне су тамшылары жинала бастайды. | <ul style="list-style-type: none"> Құрылғының алдыңғы бұрышында су тамшылары жиналмас үшін жылу ұстағыш түтіктер орнатылған. Сыртқы температура жоғары болған жағдайда, олар әрдайым тиімді емес. Дегенмен мұнда ешқандай өзгешелік жоқ. Ауадағы ылғал салқындалатын камера бетімен байланысқа түскенде, су тамшылары пайда болады. |
| Құрылғыда сұйықтықтың сылдырлап аққан дыбысы шығып тұр. | <ul style="list-style-type: none"> Бұл құрылғының ішін салқындататын хладагент. |
| Құрылғының ішінде жағымсыз иіс бар. | <ul style="list-style-type: none"> Қандай да бір азық-түліктің бұзылып кетпегендігін тексеріңіз. Ерекше иістері бар азық-түліктердің, мысалы, балықтың мықтап оралғандығына көз жеткізіңіз. Мұздату камерасын бұзылған азық-түліктерден үнемі тазалап отырыңыз. |
| Құрылғының қабырғаларында қырау пайда болды | <ul style="list-style-type: none"> Құрылғының желдеткіш тесіктері қосулы тұр ма, тексеріңіз. Азық-түліктерді құрылғының желдеткішіне кедергі келтірмейтіндей етіп орналастырыңыз. Есіктің мықтап жабылғандығын тексеріңіз. |
| Құрылғының ішкі қабырғасына және онда сақталған көкөністерде су пайда болады. | <ul style="list-style-type: none"> Бұл құрылғыда көп мөлшерде сұйықтығы бар азық-түліктердің тиісті оралмауынан, болмаса есік ұзақ ашық қалғаннан болады. Азық-түліктерді орамда немесе мықтап жабылатын контейнерлерде сақтаңыз. |

Бөлме ауасының жарамды температурасының шегі

Осы тоңазытқыш техникалық ерекшеліктерімен бірге кестеде көрсетілген оның температуралық класына сәйкес келетін қоршаған орта температурасында жұмыс істеуге арналған.

| Температуралық класы | Белгіленуі | Қоршаған орта температурасы | |
|----------------------|------------|-----------------------------|-----------|
| | | Максималды | Минималды |
| Кеңейтілген қалыпты | SN | 32°C | 10°C |
| Қалыпты | N | 32°C | 16°C |
| Субтропикалық | ST | 38°C | 16°C |
| Тропикалық | T | 43°C | 16°C |

-  Тоңазытқыштың ішкі температурасына оның орналасуы, қоршаған орта температурасы мен тоңазытқыш есігін ашу жиілігі сияқты факторлар әсер етуі мүмкін. Бұл факторлар әсерінің орнын толтыру үшін тоңазытқыш температурасын өзіңіздің қажетіңізше реттеп отырыңыз.

Құрылғыны қоқысқа дұрыс тастау
(Қоқысқа тасталатын электр және электроника құрылғысы)

Kazakhstan



(Жеке қоқысқа тастау жүйесін пайдаланатын елдерге қатысты)

Өнімдегі, оның керек-жарақтарындағы немесе ілеспе кітапшасындағы белгі, осы өнім мен оның электроникалық керек-жарақтарын (мысалы, зарядтағыш құралы, құлаққабы, USB сымы), қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамау керек дегенді білдіреді. Қалдық дұрыс тасталмаған жағдайда қоршаған орта немесе адамдардың денсаулығына келетін зияндық алдын алуға және материалдық ресурстарды қайтадан қажетке жаратуға өз үлесіңізді қосу үшін бұндай заттарды басқа қоқыс түрлерінен бөлектеп, қалдық өнімдерді қайта өңдеуден өткізетін жерге апарып тапсырыңыз.

Тұрмыстық құрылғыны қолданушылар, осы заттарды қоршаған ортаға залалсыз түрде қайта өңдеуден өткізу үшін осы құрылғыны қайда апарып тапсыру, қалай тапсыру туралы егжей-тегжейлі ақпаратты, осы өнімді сатып алған бөлшек сауда орталығына немесе жергілікті мекемеге хабарласып алуына болады.

Коммерциялық мақсатта қолданушылар, өз жабдықтаушыларына хабарласып, сатып алу келісім-шартының талаптарымен танысуы керек. Осы өнім мен оның электроникалық керек-жарақтарын басқа да коммерциялық өнімдердің қалдықтарымен араластырып тастауға болмайды.

SAMSUNG

050000, 31 Nauryzbay Batyr Str., Almaty,
Republic of Kazakhstan
Tel : 8-10-800-500-55-500(GSM: 7799)
www.samsung.com
Fax : +7-727 321-13-12

Code No. DA99-01697G REV(1.6)